

**Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 198/23-III "Астана қаласында туристік саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған Бағдарламасы туралы" шешіміне өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы Мәслихатының 2006 жылғы 26 желтоқсандағы N 330/41-III Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2007 жылғы 31 қаңтарда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 457 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 194/31-IV шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2009.03.31 N 194/31-IV Шешімімен*

---

Астана қаласы әкімдігінің ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасының»" Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 6-бабын басшылыққа ала отырып Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 198/23-III "Астана қаласында туристік саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған Бағдарламасы туралы" (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 424 нөмірмен тіркелген, 2005 жылғы 27 желтоқсанда "Астана хабары" , 2006 жылғы 07 қаңтарда "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланды) шешіміне келесі өзгерістер және толықтырулар енгізілсін:

осы шешіммен бекітілген, Астана қаласында туристік саланы дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламаның 8-тарауында:

1 тармақтың:

2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "Астана қаласында туристік кластердің дамуына мониторинг және талдау жүргізу";

3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "Қазақтан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне есеп беру";

2-тармақтың, 6-бағанындағы "6 360" деген сандар "5 000" деген сандармен ауыстырылсын;

5-тармақтың 6-бағанындағы "9 540" деген сандар "5 000" деген сандармен ауыстырылсын;

7-тармақтың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "Республикалық және қалалық іс-шаралар шеңберінде ақпараттық турлар өткізу";

9-тармақтың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "ТСМ-ге есеп беру";

10-тармақтың 6-бағанындағы "8 480" деген сандар "10 200" деген сандармен ауыстырылсын;

11-тармақтың 6-бағанындағы "500" деген сандар "1 500" деген сандармен ауыстырылсын;

12-тармақтың 6-бағаны "2007 жыл - 1 000" деген сөздермен және сандармен толықтырылсын;

13-тармақтың 6-бағанындағы "636" деген сандар "1 000" деген сандармен ауыстырылсын;

**1 4 - т а р м а қ т ы ң :**

2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "Елорданың көрнекті орындарымен таныстыру бойынша ұйымдастырылған балалар тобын Астанада қабылдау жөнінде шаралар қабылдау";

6-бағанындағы "2 650" деген сандар "5 625" деген сандармен ауыстырылсын;

3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "ТСМ-ге ақпарат";

17-тармақтың 6-бағанындағы "636" деген сандар "1 000" деген сандармен ауыстырылсын;

**2 0 - т а р м а қ т ы ң :**

2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "Астана қаласы" Астана демалыс" және Алматы қаласы "KITF" халықаралық туристік көрмелеріне, сондай-ақ 6 шетелдік көрмеге қатысу; жергілікті турагенттер және туроператорлар арасында алдыңғы қатарлы туристік технологияларды тарату";

3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын: "ТСМ-ге бекітілген график бойынша есеп беру. БАҚ арқылы ақпараттандыру";

6-бағанындағы "6603,8" деген сандар "8517,36" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай редакциядағы 14-1, 14-2, 14-3-тармақтармен толықтырылсын:  
(Қосымша)

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

*Астана қаласы мәслихатының  
сессия төрағасы*

*А с т а н а                      қ а л а с ы*

*мәслихатының хатшысы*

*КЕЛІСІЛДІ*

*А с т а н а                      қ а л а с ы н ы ң  
өнеркәсіп және кәсіпкерлік  
департаментінің                      директоры*

*(Ө және ҚД)*

Астана қаласы мәслихатының  
2006 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 330/41-III шешіміне қосымша

**Астана қаласында туристік саланы дамытудың  
2006-2008 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру  
жөніндегі шаралардың жоспарына толықтырма**

14-1	Мүгедек балалардың қатысуымен "Астана-менің отанымның елордасы" әлеуметтік жобасын іске асыруды қамтамасыз ету	ТСМ-ге ақпарат	КӨД	Жыл сайын	2007 жыл - 1500 2008 жыл - 1590	Жергілікті бюджет
14-2	Елорданың алдыңғы қатарлы спортшыларының қатысуымен спорттық балалар-жасөспірім туризмін дамыту бойынша іс-шаралар өткізу жөнінде шаралар қабылдау	ТСМ-ге ақпарат	КӨД	Жыл сайын	2007 жыл - 2000 2008 жыл - 2120	Жергілікті бюджет
14-3	"Шеберлер ауылы" тұрақты жұмыс істеп тұратын көрмені ұйымдастыруға жәрдемдесу	ТСМ-ге ақпарат	КӨД Мүдделі Мемлекеттік органдармен бірлесіп	Жыл сайын	2007 жыл - 11800 2008 жыл - 12508	Жергілікті бюджет